

## 1–4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫНА АРНАЛҒАН

1

### САБАҚ

**Білімдіге дүние жарық. Танып білу қуанышы: сүйсініп оқу**

**Сабақтың мақсаты:** мектептің оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін балалардың когнитивтік дағдыларын дамытуға ата-аналардың дайындығын қалыптастыру.

#### **Міндеттері:**

1. ата-аналарды отбасында оқушы үшін психологиялық қолайлы орта құруға ынталандыру;
2. баланың мектепке бейімделуінің мәні мен ерекшеліктерімен таныстыру;
3. бастауыш сынып оқушыларының танымдық дағдыларының ерекшеліктерімен таныстыру;
4. баланың танымдық дағдыларын дамыту үшін диагностиканы, тренингтерді, жаттығуларды практикада қолдану дағдыларын дамыту.

#### **Ұлттық құндылықтар мен жеке қасиеттер:**

Ынтымақтастық, ата-ана борышы, құрмет, жаңалық, білмекке құмарлық, креативтілік, прагматизм, эвристикалық, еркіндік.

#### **Жоспар**

I. Сәлемдесу. Сабақтың мақсаты мен міндеттері.

II. Негізгі бөлігі.

1. Баланың жеке басын дамыту үшін мектепке бейімделуінің маңыздылығы (физиологиялық,

психологиялық және әлеуметтік).

- a) Бейімделу түрлері.
- b) Ата-аналардың сабаққа бейімделу деңгейін диагностикалау.
- c) Балаларды диагностикалау бойынша ұсыныстар.

2. Баланың когнитивтік дағдыларын дамытудағы ата-ананың рөлі.

- a) Ата-аналардың когнитивтік (танымдық) қабілеттерінің даму деңгейін диагностикалау.
- b) Бастауыш сынып оқушыларындағы когнитивтік дағдылардың ерекшеліктері.

c) Баланың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасауын дамытуға арналған тренингтер бойынша ұсыныс.

3. Проблемалық ахуал «Үй тапсырмасын орындау».

- a) бейнероликті қарау;
- b) сұрақтарды топтарда талқылау;
- c) аудиторияда талқылау және чек-парағын әзірлеу.

III. Қорытынды. Қорытындылау, рефлексия.

### Күтілетін нәтижелер

Соңында ата-ана мыналарды жасай алатын болады:

1. Отбасында оқушы үшін психологиялық қолайлы ортаны құруды;
2. Оның тұлғасын дамыту үшін баланың мектепке бейімделуі кезінде өзінің рөлін сезінуді;
3. Бастауыш сынып оқушыларының когнитивтік дағдыларының ерекшеліктерін ажырата білуді;
4. Балада танымдық дағдыларды дамыту үшін диагностиканы, тренингтерді, жаттығуларды іс жүзінде пайдалану дағдыларын меңгеретін болады.
5. *Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.*

Уақыты	Мазмұны	Ресурстар
2 мин	Сәлеметсіздер ме, құрметті достар! Ата-аналарды қолдау орталығындағы сабақтар – ата-аналардың өміріндегі жаңа кезең. Сіздер де балаларыңыз сияқты оқуды енді бастадыңыздар. Бұл сіздердің екінші сабақтарыңыз және бүгін сіздерден сұрағым келеді: сіздер <b>сүйсініп оқисыздар ма?</b>	1–слайд
5 мин	Сіздер қазір «бірінші сынып оқушыларысыздар» және сіздерде де бейімделу кезеңі өтіп жатыр. Бүгін сіздерді үлгі ретінде алып, мен сіздердің балаларыңыз сезінетін эмоциялар мен сезімдерді бастан өткеруді ұсынғым келеді.  Ата-аналармен Орталықтағы сабақтардан не сезінгендерін (қиындықтарын, қорқыныштарын) талқылау: 3–слайд. – бүгін сабаққа келу үшін қандай қиындықтарды жеңуге тура келді? – бірінші сабақта қандай сезімде болдыңыздар? – сіздерде қандай қорқыныш болды?  Ата-аналар атайтын қиындықтарды флипчартқа бейімделу түрлеріне бөліп: физикалық, әлеуметтік, психологиялық, 3 бағанға жазу. Барлық жауаптар жазылғаннан кейін сәйкесінше тақырыптарын жазу: <b>ФИЗИКАЛЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ</b>  4–слайд. Бейімделу – маңыздылығы бірдей үш компоненттен тұратын кешен. <b>Физиологиялық бейімделу</b> баланың біртіндеп мектеп жүктемесіне машықтанып, үйренгенін білдіреді. Бірінші сынып	2–слайд  3–слайд  Флипчарт, маркер тақта, бор  Ата-аналар айтады, оқытушы тақтаға, флипчартқа жазады  4–слайд

	<p>оқушыларының көпшілігіне динамикалық жүктемеден статикалық жүктемеге ауысу оңай емес. Оқушыға 30–45 минут сабақта тыныш отыру, арқасын тік ұстау, мұғалімді тыңдау, тапсырмаларды орындау міндеті қойылады. Мұның бәрі физиологиялық дайындықтың жоғары деңгейін талап етеді. Осындай режимге ауысу үшін баланың ағзасына уақыт қажет. Оқу жылының басында бірінші сынып оқушылары жиі ауырады, өйткені олардың ағзасы физиологиялық бейімделудің қиын міндетін жеңе алмайды.</p> <p><b>Әлеуметтік бейімделу</b> баланың тыңдау, мұғалімнің сөздеріне барабар жауап қайтару, тапсырмаларды өз бетінше орындау ептіліктерінің болуын болжайды. Ол мектеп өмірінің талаптары мен ережелерін түсінуге, мұғалімнің беделін мойындауға, құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға үйренеді.</p> <p><b>Психологиялық бейімделу.</b> Бұған баланың оқуға деген ұмтылысы, өзінің оқушы ретіндегі ұстанымын қабылдауы, психологиялық жетілудің жоғары деңгейі жатады. Оқуға деген көңіл-күй, мектеп түрткісі, білім алуға дайын болу, күйзеліске төзімділік – мұның бәрін бала психологиялық бейімделу барысында алады.</p>	
5 мин	<p>Сіздердің біздің сабақтарымызда білім алуға қаншалықты дайын екендіктеріңізді тексеріп көрейік. Мына сауалнаманың сұрақтарына жауап беруді сұраймын.</p> <p>Ата-аналарды дайындық деңгейлеріне қарай диагностикалау</p> <p>5 – слайд. Нәтижелерді талдау: Әр «а» жаубы үшін 3 ұпай беріледі, «б» – 1 ұпай, «в» – 0 ұпай. Максималды баға – 30 ұпай. Ұпай неғұрлым жоғары болса, түрткі де жоғары. 25–30 ұпай – түрткі, оқу белсенділігі жоғары; 20–24 ұпай – қалыпты түрткі; 15–19 ұпай – оқуға оң көзқарас, бірақ «Орталықтағы» оқудан тыс қарым-қатынас ретінде көбірек қызықтырады; 10–14 ұпай – түрткі төмен; 10–ұпай – сабақтарға көзқарасы теріс. Сіздер өз нәтижелеріңізді көрдіңіздер және осыдан қорытынды шығаруларыңызға болады.</p> <p>Диагностикалау бойынша баланың бейімделу деңгейін үйде анықтауды ұсынамын</p> <p>Адам бала кезінен бастап білімге ұмтылады. Ол белгісізді игеруге, қол жетпейтін нәрсені түсінуге тырысады, жаңа, тыйым салынған және жабулы нәрсеге ұмтылады. Өмір бізге тым күрделі болып көрінбеуі үшін біз байып, дамып, тәжірибе жинағымыз келеді. Ұлы ағартушы Абай Құнанбаев айтқан: 6 – слайд. «Дана адамдардың сөзін жадына тоқып алған адам өзі де есті болып келеді» Баланың мектепке баруы – бала үшін де, оның отбасы мүшелері үшін де үлкен жауапкершілік «Бала бейімделуден қалай өтуі керек» бейнеролигін көру 7 – слайд. <b>Ата-аналар баланың мектепке бейімделу үдерісінде маңызды рөл атқарады.</b> Олар белгілі бір психологиялық</p>	<p>Үлестіру материалы 1: Бейімделу деңгейлері бойынша ата-аналарға арналған сауалнама.</p> <p>5 – слайд.</p> <p>Үлестіру материалы 2: балаларға арналған сауалнама</p> <p>6 – слайд</p>

	<p>мақсатты қоя алады және осылайша оқу үдерісіне деген көзқарасты қалыптастырады. Көп нәрсе баланың психологиялық ерекшеліктеріне, оның дайындық деңгейіне, мектеп мекемесінің түріне және білім беру бағдарламасының күрделілігіне байланысты. Ата-аналардың бастауыш сынып оқушыларына көмектесудегі негізгі міндеті – эмоционалды түрде қолдау, мектеп ережелерін орындау үшін өз іс-әрекеттерін ұйымдастыруда балаға барынша дербестік беру.</p>	7 – слайд
10 мин	<p>Ата-аналардың когнитивтік дағдыларын анықтау әдістемесі. Педагог тапсырманы <b>1 рет</b> баяу оқиды, ата-аналар қалай түсінсе солай орындауы керек.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Парақты тігінен орналастырыңыз.</li> <li>2. Парақты шартты түрде 2 тік бөлікке бөліңіз (тік пунктир сызық салуға болады).</li> <li>3. Парақтың төменгі жиегінен 1 см шегініп, парақтың ортасында болатындай етіп ұзындығы 10 см көлденең сызық сызыңыз.</li> <li>4. Парақтың төменгі жиегінен 15 см шегініп, парақтың ортасында болатындай етіп ұзындығы 8 см көлденең сызық сызыңыз.</li> <li>5. Екі көлденең сызықтың сол жақ шеткі нүктелерін тегіс доғамен жалғаңыз.</li> <li>6. Екі көлденең сызықтың оң жақ шеткі нүктелерін тегіс доғамен жалғаңыз.</li> <li>7. Жоғарғы көлденең сызықтың сол жақ шеткі нүктесінен ұзындығы 2 см тік сызық сызыңыз.</li> <li>8. Жоғарғы көлденең сызықтың оң жақ шеткі нүктесінен ұзындығы 2 см тік сызық сызыңыз.</li> <li>9. Осы екі тік сызықты дөңестігі жоғары келетін доғамен жалғаңыз.</li> <li>10. Жоғарғы доғаның ортаңғы нүктесінен диаметрі 1,5–2 см болатын шеңберді жоғары қарай сызыңыз (доға мен шеңбер ортаңғы нүктеде түйіседі)</li> <li>11. Жоғарғы көлденең сызықтың сол жақ шеткі нүктесінен доға бойымен 6–7 см шегініңіз. нүкте қойыңыз, оң жақта А әрпін жазыңыз.</li> <li>12. Жоғарғы көлденең сызықтың сол жақ шеткі нүктесінен солға қарай ұзындығы 4–5 см көлденең сызық сызыңыз, нүкте қойыңыз, сол жақта Б әрпін жазыңыз.</li> <li>13. А және В нүктелерін қосыңыз.</li> <li>14. Төменгі және жоғарғы көлденең сызықтарды қосатын оң жақ доғада нүктелерді белгілеп, сол жақта (төменнен бастап) мынадай қашықтықта сандармен жазыңыз: 4 см – 1, 6 см – 2, 13 см – 3, 15 см – 4.</li> <li>15. 1 және 4 нүктелерін қосыңыз.</li> <li>16. 2 және 3 нүктелерін қосыңыз.</li> </ol> <p>Барлық ата-аналар аяқтағаннан кейін педагог слайдты экранға шығарады және қандай сурет шығу керектігін көрсетеді.</p> <p>Ата-аналармен бірге нәтижелерді талқылау.</p> <p>Біз кейбір балаларды оқу үдерісіне тарту өте қиын екендігін жиі кездестіреміз. Олар жаңа білім алуға тиісті ниет білдірмейді, олардың іштері пысады, сабақтар олардың көңілінен шықпайды және мүлдем қызықтырмайды. Бұл мінез-құлықтың себептерінің бірі – кішкентай оқушылардың когнитивтік деп аталатын (танымдық) дағдыларының жоқтығы.</p>	<p>Таза парақтар, қаламдар. Ата-аналарға арналған тапсырмалар-ды оқытушы оқып береді</p> <p>8 – слайд Тапсырманы орындағаннан кейін көк шаршыны сырып тастау</p> <p>9–11 – слайдтар</p>

9–11 – слайдтар. Когнитивтік (танымдық) дағдылар – адамның әртүрлі көздерден алынған сенсорлық ақпаратты өңдеу қабілеті. Бұл дағдылар алынған деректерді талдауға, ақпаратты сақтауға және оны бұрыннан бар тәжірибемен салыстыруға мүмкіндік береді.

Балалардың туа біткен танымдық дағдылары болуы мүмкін, бірақ аз ғана дәрежеде. **Олардың негізгі үлесі пайда болады.** Егер туа біткен қабілеттер болмаса және алған дағдылары жеткіліксіз болса, онда когнитивтік жеткіліксіздік пайда болады.

Бастауыш сынып оқушыларының когнитивтік қабілеттерін дамыту ерекшеліктері:

### **Зейін**

1. Еріксіз
2. Тұрақсыз (сыртқы әсерлер – бұл күшті алаңдату, көңілді басқаға аудару факторы, оларға түсініксіз, күрделі материалға назар аудару қиынға соғады)
3. Қысқа мерзімді (10–20 минут ішінде бір нәрсемен алаңдамай айналыса алады).
4. Шағын көлемді (2–3 бірлік).

### **Қабылдау**

1. Олар ең бастыны емес, көзге көрінетін нәрсені байқайды;
2. Көбінесе тек затты танумен және кейіннен оны атаумен шектеледі;
3. Затты мұқият және егжей-тегжейлі қарастыруға қабілетсіз;
4. **Қабылдаудың** үлкен эмоционалдылығы

### **Жад (есте сақтау)**

1. Көрнекі-бейнелі есте сақтау жады ауызша-логикалық жадыдан басым болады (анықтамалар мен түсіндірулерге қарағанда нақты ақпаратты, оқиғаларды, тұлғаларды, бейнелерді миына тез тоқып, есінде жақсы сақтайды);
2. Механикалық есте сақтау (есте сақталатын материалдың ішіндегі мағыналық байланыстарға мән бермей, жай қайталау арқылы есте сақтау);
3. Еріксіз есте сақтау (эмоционалды үн қосатын қызықты, жарқын нәрселер есте қалады).

### **Елестету**

1. Нақты заттарға сүйену, оларсыз оған өз санасында қиял объектілерін қалыптастыру қиын.
2. Шындықты барған сайын дұрыс және толық көрсетуге көшу, түсініктерін қарапайым ерікті қиыстырудан логикалық дәлелді біріктіруге көшу.

### **Ойлау**

1. Нақты.
2. Құбылыстың сыртқы жағынан олардың мәнін білуге көшеді.
3. Ол ғылыми ұғымдармен танысып, жұмыс істей бастайды.

Ғылыми ұғымдарды қалыптастыру үшін баланы заттың белгілеріне сараланған тәсілді қолдануға үйрету керек. Оқушыға осы ұғым үшін маңызды және маңызды емес белгілердің болуын ашу маңызды.

Бұл баланың дамуының алғашқы кезеңдерінде үйренуіне тиіс негізгі арнайы дағдылар. Бұл дағдылар ақпаратты тиімді өңдеуге

және игеруге мүмкіндік беру үшін қажет. Осыларды игерсе ғана кез-келген материалды игеруде сәттілік қамтамасыз етілетін болады. Ал олардың болмауы баланың сабақ тақырыбын толық түсіне алмайтындығына әкеледі, бұл одан әрі оқуындағы проблемаларды күшейте түседі.

Дұрыс бабын тапса ата-аналар когнитивтік салада баласындағы айтарлықтай өзгерістерге қол жеткізе алады. Кез-келген басқа дағдылар сияқты (мысалы, моторлық), когнитивтік дағдыларды (кейіннен жақсаратын) жаттықтыруға болады. Егер олар нашар болса, жаттығулар мен оқыту әдістемелерінің көмегімен оларды жақсартуға, ал қалыпты дағдыларды айтарлықтай арттыруға болады.

12 – слайд. Әр уақытта және барлық халықтар мақал-мәтелдерге, аңыздар мен әндерге, эпикалық шығармаларға, ертегілерге, жұмбақтарға және т.б. үлкен мән берген. Бесіктегі балаларға ертегі айтып, өсе келе жаңылтпаштар мен санамақтар жаттатқан. Бұл сөздік қорын дамытып, баланың тілін байытқан. Ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан этнопсихологиялық ерекшелігі мен этикалық көзқарастарын сипаттайтын адам даналығы ауызекі халық шығармашылығы арқылы әкеден балаға берілген. Әндер туғаннан қайтыс болғанға дейін қазақпен ере жүрген. Оларда халықтың жаны, оның ойлары мен ұмтылыстары көрініс тапты. Қазақ халық әндерінің ерекше түрі бар – терме, онда өмірлік байқауларға негізделген белгілі бір моральдық нұсқаулар берілген. Терменің әр жолы терең мағынаға ие болған, оңай есте қалады және белгілі бір психологиялық нұсқау ретінде қызмет еткен. Терме – шешендік сөздердің бір түрі – қандай да бір ерекше оқиғалармен байланысты дана сөздер. Орындаушылар дәлелдерінің қисындылығы мен сенімділігі, поэтикалық өрнектердің тапқырлығы мен дәлдігі, ерекше бейнесі мен өзіндік ерекшелігі көбінесе қақтығыстар мен жанжалдарды тоқтатуға ықпал еткен, сонымен қатар адамдар арасындағы қарым-қатынасқа айтарлықтай әсер беруі мүмкін болған. Ділмарлық қабілеті бар адамдарды шешен деп атаған.

Балаларды тәрбиелеуде, олардың қабілеттерін дамытуда жұмбақтарға үлкен мән берілген. Шынында да, олардың көпшілігі баланы ойлауға, ойын өрістетуге, талдауға мәжбүр ететін заттың астарлы сипаттамасына негізделген. Бұл тапқырлықтың дамуына, сондай-ақ ерекше халық мәдениетін түсінуге ықпал етті. Жұмбақтар көбінесе мереке күндері жарыс рухын тудыру үшін, айтыстарда айтылатын. Көптеген жұмбақтар адамның күнделікті жұмысымен байланысты, сонымен қатар жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда кеңінен қолданылып келген.

Танымдық зейінді, жадыны, ойлау қабілетін дамыту үшін әртүрлі жаттығулар мен тренингтер бар.

**Балалардың есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту үшін** баланы егжей-тегжейлерді байқауға үйрету керек. Оны көзін жұмып, бөлмедегі барлық заттарды — жиһаздың орналасуын, декор элементтерін, кілемнің түсін атап беруді сұраңыз. Мұғалімнің шашының немесе көзінің түсі қандай деп сұраңыз. Немесе мысық дүкенге барар жолда қанша рет кездесті деп сұраңыз. Байқау – бұл мықты әлеуметтік дағды. Кітаптарды дауыстап оқыңыз. Әр тарауды оқығаннан кейін бала мазмұнын қайталау керек. Оқиғаларды оңай есте сақтау үшін эмоционалды түрде, мәнерлеп оқуға тырысыңыз.

13 – слайд

14-слайд

	<p><b>«Керісінше айт»</b> – логикалық ойлауды дамыту, сөздік қорын қалыптастыру және кеңейту.</p> <p>Қалай ойнауға болады: жүргізуші ойыншыларға кез-келген сын есімді айтуы керек. Ойыншылар қарама-қарсы сөздерді – антонимдерді атауы тиіс. Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>* баяу-жылдам;</li> <li>* жіңішке-қалың;</li> <li>* ақ-қара;</li> <li>* құрғақ – дымқыл және т. б.</li> </ul> <p>14 – слайд. Балалармен тренингтер өткізуге және когнитивтік дағдыларды дамыту үшін жаттығуларды таңдауға ұсыныс беру.</p>	
5 мин	«Үй тапсырмасын орындау» ролигін көру 4 топқа бөлу	Роликті <a href="mailto:Mail.ru">Mail.ru</a> : <a href="#">интернеттен</a> іздеу
7 мин	15 – слайд. Топта талқылау Құрметті ата-аналар, сұрақтарды топтарыңызда талқылауды ұсынамын. Ұсыныстарыңызды сұрақтың астына жазуды өтінемін.	Үлестіру материалдары 3. Парақшалардағы сұрақтар 15 – слайд
8 мин	<p><b>1. Сіздер үшін баланың үй тапсырмасын жақсы, уақтылы, өз бетінше орындауы не үшін керек? (ата-аналардың жауаптары)</b></p> <p><b>2. Егер бала үй тапсырмасын орындамаса не болады? (ата-аналардың жауаптары)</b></p> <p><b>3. Бала мен ата-ана арасындағы сабырлы және мейірімді қарым-қатынас немесе ү/т орындалғаны маңызды ма? (ата-аналардың жауаптары)</b></p> <p><b>4. Балаңызға мектепке бейімделуге көмектесу үшін не істедіңіз? (ата-аналардың жауаптары)</b></p> <p>Топтың өкілдері өз шешімдерін айтады Аудиторияда талқылау, нәтижесі ретінде «Сүйсініп оқимыз» чек-парағын әзірлеу</p> <p><b>1. Бақылау.</b> Үлгерімді қатаң бақылауды қойыңыз. Білдіртпей бақылаңыз, бұл қысым болмауы керек.</p> <p><b>2. Жауапкершілік аймағы.</b> Мектеп өмірінің ең басынан бастап балаңызға оның оқу үдерісіне жеке жауапкершілік аймағын айқындап беру қажет. Бала тапсырмаларды өз бетінше орындайды, портфельді өзі жинайды. Сіз тек орындалу фактісін тексере аласыз.</p> <p><b>3. Көмек.</b> Егер бала сұраса ғана көмектесіңіз. Бұл ретте көмектесу дегеніміз – ол үшін тапсырманы орындау немесе дұрыс жауапты айту емес, дұрыс шешім қабылдауға итермелеу болады.</p> <p><b>4. Дербестік.</b> Дербестік – яғни өз бетімен әрекет ету – бұл бала үйренуі қажет нәрсенің ең бастысы. Өз бетімен істей алатын жерде балаға көмектесудің қажеті жоқ. Ол неғұрлым көбірек өзі істесе, соғұрлым өзін сенімді сезінеді. Оған қателік жіберуге мүмкіндік беріңіз. Бұл оның жолы, оның тәжірибесі, оларсыз ол жетіліп, ақылды бола алмайды.</p> <p><b>5. Сенім және қолдау.</b> Егер бала теріс қылық жасаса да, балалар өздерінің дұрыс емес әрекеттерін жақсы біледі. Сіздер, ересектер алдында оны ешқашан мойындамаса да. Шындығында, олар өздерінің теріс қылықтарынан өздері толықтай зардап шегеді. Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз – ұрысу және жазалау емес, баланы қолдау және оған қорытынды жасауға көмектесу.</p> <p><b>6. Жеке кеңістік.</b> Баланың жеке кеңістігі міндетті түрде болуы керек. Бұл кез-келген тұлғаның табиғи қажеттілігі және оны құрметтеу керек.</p>	16 – слайд. Флипчарт, маркер (тақта, бор)

	<p><b>7. Сүйіспеншілік.</b> Балаңызды жақсы көріңіз. Кез-келген: міні бар ма, жоқ па, күнделікте екісі бар ма, жоқ па, оны қабылдаңыз, қолдаңыз. Балаңызды түсінуге тырысыңыз. Оны тыңдаңыз және оның өзіне-өзі келуіне көмектесіңіз.</p> <p>17 – слайд. Бастауыш сынып оқушысын ынталандыру жағының өзіндік ерекшеліктері бар. Бастауыш сынып оқушысында жетістікке жету ынтасы бекітіліп, жеке қасиетке айналады. Бұл екі түрткімен байланысты – <b>табысқа қол жеткізу және сәтсіздіктерден аулақ болу.</b></p> <p>Отбасындағы тәрбие сүйіспеншілікке, тәжірибеге, дәстүрге, балалық шақтағы жеке мысалға, көршілердің кеңестеріне негізделген. Мектептің функцияларына оқушылар мен ата-аналарды ақпараттандыру, қолдау кіреді, өз кезегінде отбасы мектепке ден қойып, көмектеседі. Отбасы мен мектеп бір-бірін толықтырады, балалардың оқуға деген ынтасын арттыру үшін жақсы жағдай жасайды. Бала үшін ең жарқын үлгі – ата-аналар мен мұғалімдердің үлгісі. Мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуінің басты шарты – бір-бірінің қызметтерінің функциялары мен мазмұны туралы толық түсініктерінің болуы. Көбінесе отбасы тәрбие эстафетасын мектепке өткізіп беріп, осылайша баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеу үдерісінен өзін-өзі алып тастайды. Алайда екі тарап та бір-бірін толық түсініп және бір-біріне өзара көмектесіп, баланың жеке қалыптасуына қатысуы керек.</p> <p>Отбасы мен білім беру мекемесінің тиімді өзара әрекеті үшін шарттар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Отбасы мен мектептің сенімді қарым-қатынасы, еріктілік;</li> <li>2. Қарым-қатынастың ұзақ мерзімділігі;</li> <li>3. Екіжақты жауапкершілік</li> </ol>	17 – слайд
5-7 мин	Қорытындылау. Ата-аналар рефлексиясы «Біздің сабақтан кейін мектеп, сабақ туралы сөз бола кетсе, сіз өз балаңызға айтатын алғашқы сөз тіркесін жазуды сұраймын».	18 – слайд. Стикерлер

Үлестіру материалы 1

**Ынталандыруды айқындау әдістемесі (А.Г.Лусканова бойынша)**

Нұсқаулық: «Әуелі сұрақты және оған берілетін жауаптың үш нұсқасын оқып алыңыз, содан соң сіздің пікіріңізді білдіретін үш жауаптың біреуін таңдаңыз».

Сауалнама сұрақтары:

**1. Сізге «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» сабақтарына қатысу ұнай ма?**

- а) ия – 3;
- б) онша емес – 1;
- в) жоқ – 0.

**2. Сабақтарға сіз үнемі қуана барасыз ба, әлде жиі үйде қалғыңыз келе ме?**

- а) қуана барам – 3;
- б) әртүрлі болады – 1;
- в) жиі үйде қалғым келеді – 0.

**3. Егер ертең барлық ата-аналарға сабаққа келу міндетті емес десе, сіз сабаққа баратын ба едіңіз, әлде үйде қаласыз ба?**

- а) баратын едім – 3;
- б) білмеймін – 1;
- в) үйде қалатын едім – 0.

**4. Сабақ болмайды деген сізге ұнай ма?**

- а) ұнамайды – 3;



- б) әртүрлі болады – 1;
- в) ұнайды – 0.

**5. Сізге ешқандай тапсырма бермегенін қалайсыз ба?**

- а) қаламаймын – 3;
- б) білмеймін – 1;
- в) қалаймын – 0.

**6. Сабақтар тек онлайн болғанды қалайсыз ба?**

- а) жоқ – 3;
- б) білмеймін – 1;
- в) қалаймын – 0.

**7. Туыстарыңызға және достарыңызға сабақ туралы жиі айтасыз ба?**

- а) жиі – 3;
- б) сирек – 1;
- в) айтпаймын – 0.

**8. Педагогтің орнында болуды қалайсыз ба?**

- а) маған біздің мұғалім ұнайды – 3;
- б) нақты білмеймін – 1;
- в) қалайтын едім – 0.

**9. Топта сіздің достарыңыз көп бе?**

- а) көп – 3;
- б) аз – 1;
- в) достарым жоқ – 0.

**10. Сіздің топтастарыңыз сізге ұнай ма?**

- а) ұнайды – 3;
- б) онаша ұнамайды – 1;
- в) ұнамайды – 0.

Үлестіру материалы 2

**Мектеп түрткісін айқындау әдістемесі (А.Г.Лусканова бойынша)**

Нұсқаулық: «Әуелі сұрақты және оған берілетін жауаптың үш нұсқасын оқып (тындап) ал, содан соң сенің пікіріңді білдіретін үш жауаптың біреуін таңда».

Сауалнама сұрақтары:

**1. Саған мектеп ұнай ма?**

- а) ия – 3;
- б) онша ұнамайды – 1;
- в) жоқ – 0.

**2. Таңда мектепке қуана барасын ба, әлде жиі үйде қалғың келе ме?**

- а) қуана барам – 3;
- б) әртүрлі болады – 1;
- в) жиі үйде қалғым келеді – 0.

**3. Егер мұғалім ертең мектепке келу бәріне міндетті емес десе, сен мектепке барасың ба, жоқ үйде қаласың ба?**

- а) мектепке баратын едім – 3;
- б) білмеймін – 1;
- в) үйде қаламын – 0.

**4. Саған кей сабақтардың болмағаны ұнай ма?**

- а) ұнамайды – 3;
- б) әртүрлі болады – 1;
- в) ұнайды – 0.

**5. Сен мүлдем үй тапсырмасын бермегенін қалайтын ба едің?**

- а) қаламайтын едім – 3;
- б) білмеймін – 1;
- в) қалайтын едім – 0.

**6. Мектепте тек үзілістер қалғанын қалайсын ба?**

а) жоқ – 3;

б)

білім

еймі

н –

1;в)

қала

ймы

н –

0.

**7. Мектеп туралы ата-анаңа және достарыңа жиі айтасын ба?**

а

)

ж

и

і

–

3

;

б

)

с

и

р

е

к

–

1

;

в) айтпаймын – 0.

**8. Сенде басқа, онша қатал емес мұғалім болғанын қалайсын ба?**

а) маған біздің мұғалім

ұнайды – 3;б) нақты

білмеймін – 1;

в) қалаймын – 0.

**9. Сыныптағы достарың көп пей?**

а) көп – 3;

б) аз – 1;

в) достарым жоқ – 0.

**10. Сенің сыныптастарың саған ұнай ма?**

а) ұнайды – 3;

б) онша

ұнамайды

– 1;в)

ұнамайды  
– 0.

Түсіндіру.

Нәтижелерді талдау: әр «а» жаубына 3 ұпай беріледі, «б» жауабына – 1, «в» жауабына 0 ұпай. Максималды баға – 30 ұпай. Ұпайлары неғұрлым жоғары болса, мектеп түрткісі де жоғары.

25–30 ұпай – мектеп түрткісі, оқу  
белсенділігі жоғары; 20–24 ұпай – мектеп  
түрткісі қалыпты;

15–19 ұпай – мектепке деген көзқарасы оң, бірақ мектеп оны сабақтан тыс  
жақтарымен көбірек қызықтырады;

10–14 ұпай – мектеп түрткісі төмен.

10 ұпайдан аз болса – мектепке деген көзқарасы теріс.